

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 119-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары (келісім бойынша):

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

№

1 1 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 12.11.2013 № 179-ө өкімімен.

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі

1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құру туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы тамыз
2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша
3.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшелік жарналарды төлеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы съезінің шешімдеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің veto қою және келісу рәсімдері арқылы оны еңсеру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша
5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ (жинақтау), Еңбекмині, МГМ, БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша
6.	Тауар шығарылған елді айқындау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ (жинақтау), ӨДМ	2014 жылғы мамыр
7.	«Кәсіби стандарттардың құрылымын, оларды әзірлеу, қайта қарау, сынақтан өткізу және қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 374-ө-м бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	Еңбекмині	2013 жылғы тамыз
8.	«Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 157 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ЭБЖМ (жинақтау), ӨДМ	2013 жылғы тамыз
	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының			

9.	дайындық бөлімдеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 4 мамырдағы № 198 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2013 жылғы тамыз
10.	Кәсіптік және техникалық білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік жөніндегі комиссиялардың үлгі ережесі мен қызметінің тәртібін бекіту туралы	бұйрық	БҒМ	2013 жылғы тамыз
11.	«Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және техникалық және қызмет көрсететін еңбек кәсіптері (мамандықтар) бойынша біліктілікті беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № 281 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2013 жылғы тамыз
12.	«Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	БҒМ	2013 жылғы тамыз
13.	«Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрылу, жұмыс істеу және таратылу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 42 бұйрығына толықтыру енгізу туралы	бұйрық	ИЖТМ	2013 жылғы тамыз
14.	«Тауарды шығарған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, сәйкестігін растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау қағидасын, және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 510 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ИЖТМ	2013 жылғы тамыз
15.	«Пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан	бұйрық		2013 жылғы тамыз

	Республикасы Мұнай және газ министрінің 2010 жылғы 1 қазандағы № 341 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы		МГМ	
16.	«Пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 17 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ИЖТМ	2013 жылғы тамыз
17.	«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 44 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ИЖТМ	2013 жылғы тамыз
18.	«Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 41 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы	бұйрық	ИЖТМ	2013 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі